

**ФИЛОЛОГИЯ ИЛИМДЕРИ**  
**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**PHILOLOGICAL SCIENCES**

*Дүйсенов Б.Д.*

**МАМЛҮК КЫПЧАК ЖАЗМА ЭСТЕЛИКТЕРИНИН  
ИЗИЛДЕНИШИ**

*Дүйсенов Б.Д.*

**ИЗУЧЕНИЕ МАМЛЮКСКО-КИПЧАКСКИХ  
ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ**

*B.D. Duisenov*

**THE STUDY OF MAMLUK-KIPCHAK  
WRITING MONUMENTS**

УДК: 811.512.1.09

*Араб-кыпчак лингвистикалык жана лексикографиялык эстеликтер XIII-XIV кк.да Мисир, Шам, Алтын Ордо жана Орто Азияда колдонулган эски кыпчак-огуз тилинде майдага келген. Алар жалпы түркологияда да, казак тил илиминде да изилденип келет. Бул эстеликтердин байыркы түрк эстеликтери менен болгон катышы жана ар кандай классификациялык өңүттөрү атамекендик жана чет элдик окумуштуулар тарабынан каралып, натыйжада эски кыпчак тили байыркы түрк тили менен азыркы түрк тилдерин байланыштырган көпүрөнүн милдетин аткарышы аныкталган. Ошондуктан бул эстеликтер байыркы жана азыркы түрк тилдери менен диалектилеринин тарыхын изилдөөдө олуттуу деп табылат. Макалада XIII-XIV кылымдарда Мисир, Шам жана Алтын Ордодо жаратылган мамлук кыпчак жазма эстеликтеринин изилденишине байланыштуу маселелер талкууга алынат.*

**Негизги сөздөр:** мамлук кыпчак жазма эстеликтери, тарыхы, изилдениши, XIII-XIV кылымдар, Мисир, Шам, Алтын Ордо.

*Араб-кыпчакские лингвистические и лексикографические труды были созданы на базе стакипчакско-огузского языка, который функционировал в XIII-XIV веках в Египте и Сирии, в Золотой Орде и Средней Азии. Эти памятники исследовались как в тюркологии, так и в казахской филологии. Сравнительные характеристики древнетюркских и араб-кыпчакских памятников, а также разные аспекты их классификации, рассматривались в исследованиях отечественных и зарубежных ученых. При этом установлено, что старокып-*

*чакский язык является мостом, связующий древнетюркский и современные тюркские языки. Поэтому эти памятники важны для исследования истории как древних, так и современных тюркских языков и диалектов. В статье рассматриваются вопросы, связанные с изучением мамлюкско-кыпчакских письменных памятников Египта, Сирии и Золотой Орды.*

**Ключевые слова:** мамлюкско-кыпчакские письменные памятники, история, изучение, XIII-XIV века, Египет, Сирия, Золотая Орда.

*Arabic-Kipchak linguistic and lexicographical works were created on the basis of Kipchak-Oguz language, which functioned in the XIII-XIV centuries in Egypt and Syria, in the Golden Horde and Central Asia. These monuments were studied both in Turkology and Kazakh Philology. Comparative characteristics of ancient Turkic and Arab-Kipchak monuments, as well as different aspects of their classification, were considered in the studies of domestic and foreign scientists. It is established that the old Kypchak language is a bridge connecting the ancient Turkic and modern Turkic languages. Therefore, these monuments are important for the study of the history of both ancient and modern Turkic languages and dialects. The article deals with the issues related to the study of Mamluk-Kipchak written monuments of Egypt, Syria and the Golden Horde.*

**Key words:** Mamluk-Kipchak written monuments, history, study, XIII-XIV centuries, Egypt, Syria, Golden Horde.

Мамлуктердің Мысыр мен Шамды билеген уақытын тарихта екі үлкен кезеңге бөліп қарау қалыптасқан: 1) 1250-1382-жж. 2) 1382-1517-жж.

Батыстың тарихшылары мәмлүктерді эскери бөліміне қарай «бахри» және «бурджи» деп атайды. Бертінгі ислам тарихшылары «түркі» және «шеркес» кезеңдері деп қарастырады. Мәмлүктердің арқасында араб-ислам өркениеті моңғолдар мен крестшілер кесапат-зауалынан аман қалды. Мысыр мен Шам елі ең жоғарғы мәдени және ең бір керемет саяси дәуірлеу тұрғысынан алғанда түркілер (қыпшақтар) сұлтандығына қарыздар [1].

Мәмлүктер кезеңі Мысыр мен Шам елі үшін аса жоғары өрлеу заманы болды. Оған Ислам әлеміндегі төңкеріс те сайма-сай келді. 1258 (х.ж.с.б. 656) жылғы Бағдат халифатының құлауы, Мысырға мықты-мықты деген ғалымдардың моңғол езгісінен қашып келіп, оны паналап, орталыққа айналдыруына бірден бір себеп болды. Батыста, Испанияда мұсылмандық билік ыдырап, көптеген ғалымдар Андалусиядан әсіресе, Кардоба мен Мысырға қашып келді [2, 219].

Тарихи деректемелер мен құжаттарға сүйене отырып жазған арабтың тарихшысы Амин әл-Холи өз еңбектерінде «арабтардың қыпшақ тіліне деген қызығушылығы Мәмлүктердің билікке келуінің әсерінен» деп куәлік етеді. XIII-XIV ғасырларда Мысыр мен Шам елінде түркі тілін үйренуге деген құлшыныс түркілердің көптігінен, сонымен бірге қыпшақтардың да санының артуынан болуы керек. Әкімшілік, іскерлік, елшілік қарым-қатынастың барлығы өз ана тілдерінде жүргізілген. «Қыпшақ сұлтандарына хаттама-хабарлар көбінесе түркі тілінде жазылып жіберілген» [3, 29].

Мысыр мен Шам елдерінде билік құрған мәмлүк қыпшақтары сан-алуан ұлт пен ұлыс, тайпалардан құралғанымен барлығы ортақ түркі (қыпшақ) тілінде сөйлесіп, түсініскен. Ол кезде «түркі тілі» мен «қыпшақ тілі» синоним ұғымдар ретінде қолданылды [4].

XIII-XIV ғасырларда Мысыр мен Шам елінде түркі (қыпшақ) тілін үйрену өте үлкен құштарлыққа ұласты. Өйткені, мемлекеттің билік басына қыпшақ сұлтандарының отыруының орасан зор әсері болды. «Кезінде тіпті араб зиялыларының арасында түркі тілін білудің өзі жоғары мәдениеттіліктің, зор білімпаздылықтың белгісі

болған. Арабтарда «Түркіше білмеген, Алладан қорықпаған» – деген мәтел сөз бар [5, 11].

Мысыр мәмлүктерінің сұлтандары мен Алтын Орда хандары арасында көптеген жылдар бойы дипломатиялық және достық қарым-қатынас қолдау тауып тұрды. XIII ғасырдың 30 жылдарынан бері орныққан бұл достық байланыс арғы тегі қыпшақ тайпаларынан шыққан, яғни, мысырлық сұлтан Бейбарыстың (1260-1277-ж.) билік құрған кезінен бастап, Алтын Орда құлағанша үздіксіз жалғасты.

Мысыр мен Шамның көптеген ғалымдары, саяхатшылары Алтын Орда мемлекетінде болды, сондай-ақ, Мысыр мемлекетінің көрнекті билік орындарында да Сарайи, Қырым, Хорезми және т.б. лақап атты адамдар қызмет атқарды. Арабтың белгілі тарихшы-ғалымы Амин әл-Холи еңбегінде Мысыр еліне Еділдің бойынан әртүрлі себептермен келген танымал ғалымдар мен ақындардың аттары аталып өтеді. Амин әл-Холидің айтуынша олардың бірі – шешендік өнердің шеберлері болса, басқасы – шабыты шалқар ақындар, үшіншісі – даналық пен заңнамалық саланың зердесі зерек ғалымы болған. Олардың кейбіреуі мектеп пен медреселерде дәріс берді, ғылыммен шұғылданды [3, 29].

Алтын Орданың құлауы нәтижесінде көптеген әдебиет және мәдениет өкілдері өз отанын қалдырып, басқа елдерге көшуге мәжбүр болды. Олардың көбісі Кіші Азия, Шам, Мысыр елдеріне кетті. XIV ғасырдың соңына таман түркі әлемінің әдеби-мәдени орталығы Мысырға ауысты. Көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар және т.б. Сарайдан шыққандар өздерінің шығармашылық сапарын Мысырда жалғастырды [6, 32].

Амин әл-Холидің айтуынша қыпшақтар Мысырда беделге ие болып, өмірдің барлық бағытына араласып, ықпалын жүргізді. Көптеген араб ғалымдары қыпшақ тілін меңгеріп, қыпшақша-арабша, арабша-қыпшақша сөздіктер құрастырып, қыпшақ тілі бойынша грамматикалық құралдар жазды [3, 29].

Ендігі басты назар аударатын мәселе, XIII-XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде түзілген ескі қыпшақ ескерткіштерінің бүгінгі хал

ахуалы нешік? Бабалардың пайдаланған құралдарын, сөздіктерін, ауызекі, әдеби-мәдени, халықаралық, мемлекеттік тілінің лексикалық қорын зерттеп, зерделей алып жатырмыз ба? Осы мәселелердің төңірегінде толықтай көңіл толаларлық деп айту қиын. Тәуелсіздік алып, өткенімізді ешкімнен именбей зерттеп, жариялауға қол жеткізген шақта, шет елдердің кітапхана, мұражай-мұрағаттарында сақталып қалған осы жазба ескерткіштер қолға түспейтін асыл қазына болып отыр.

Жалпы алғанда, Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерін зерттеу мәселелерінің көптеген аспектілері бар. Оның бастыларының бірі – қазақ тілінің, мәдениетінің тарихи тамырларын, құндылықтарын қазіргі заман талаптарына сай халық кәдесіне жарата алу болып табылады. Бұл жөнінде көрнекті түркітанушы Э.Наджиптің пікірі мынадай: «Очередная задача казахских ученых поехать в Египет, Турцию, Сирию и изучать неизвестные нам тюркоязычные рукописи, которые созданы их предками и хранятся в большом количестве как в государственных, так и в частных библиотеках и архивах» [7, 83].

Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жазба мұраларды Қазақстанда ғылыми айналысқа енгізуге алғашқы мұрындық болғандардың бірі – ірі қыпшақтанушы, ғалым, профессор Ә.Қ. Құрышанұлы «әр жерде, әр кезде айтылып жүрген, әр қилы болжамдардың ішінен біреуін-ақ, бүкіл дүние жүзілік шығыстанушылардың XXII конгресі шешіміне сәйкес (1951 ж.) барлық елдердің тюрколог ғалымдары бірігіп жазған [...] классификацияны негізге алады» [8, 3].

Түркі тілдерінің [...] көне дәуіріне (V – XV ғ.) жататын ескерткіштер сонымен үлкен екі топқа бөлінеді:

I. Көне түркі немесе ежелгі ескі түркі (орысша «древнетюркский» деп аталады) тілінде жазылған нұсқалар;

II. Орта түркі немесе ескі түркі (орысша «среднетюркский» немесе «старотюркский») тілінде жазылған нұсқалар. **Көне түркі тілінің жазба нұсқалары** деп біз *орхон-енисей ескерткіштерін* айтамыз. **Орта түркі тілінің ескерткіштерін** өз ішінен мынадай төрт топқа бөліп

қараймыз: 1) Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; 2) Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; 3) Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер; 4) Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер [8, 9].

Осының ішіндегі көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер өз ішінен мынадай болып бөлінеді: 1) Куман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер (Кодекс Куманикус); 2) Половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Игорь полкі туралы сөз» (XI ғ.) және т.б.); 3) Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер (Қ.А.Иасауидің «Хикметі» және т.б.); 4) Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Хұсрау мен Шірін», «Мұхаббатнама» және т.б.); 5) Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Китаб әл-Идрак...», «Китаб булғат әл-муштак...» және т.б.); 6) Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер (Каменец-Подольскі жазбалар және т.б.) [8, 3-66].

Жалпы, бұл ескерткіштерді топтастырудың өзінің әртүрлі әдіс-тәсіл мүмкіндіктері бар. «Оларды қайсы жазумен жазылғанына қарай төрт топқа бөлуге болады: 1) готикалық көне шрифтімен жазылған ескерткіш (XIII-XIV ғасырлар); 2) араб әрпімен жазылған мұралар (XI-XIV ғасырлар); 3) армян жазуымен берілген материалдар (XV-XVI ғасырлар); 4) орыс алфавитімен жазылып қалған деректер (XI-XIII ғасырлар);

Қай топтағы ескерткіш болса да, олар басқа халықтардан шыққан авторлардың қолынан туған еңбектер. Тек араб тілінде жазылған кейбір шығармалардың ғана иесі түріктер (мүмкін қыпшақтар) болған [8, 45].

Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекеті арасында әрқашан да байланыс болғанын бас жағында айтып өткеніміздей түркітану ғылымында «ескі қыпшақ жазба ескерткіштері» деп аталатын бұл жадыхаттардың нақты қай жерде жазылғаны да, ғылымда әрқилы тұжырым мен болжамдар бойынша айтылып жүр. Себебі, Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жәдігерліктерде олардың кейбірінің авторы

белгісіз немесе қай жерде жазылғаны, кім көшіргені бірінде болса бірінде жоқ, қолжазбаларда нақты мәліметтер берілмегендіктен әр қалай болып келеді. Қалай болғанда да Алтын Орда қыпшақтары мен Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері бір-бірімен ауыс-түйіс жатқандықтан көбіне бір бағытта зерттеледі, оларды бөліп-жарып, ажырату қиын, әрі қай жағынан болсын тиімсіз, өнімсіз іс болады. Сондықтан осы кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасуы жөнінде ғалымдардың пікірі негізінен бір арнаға саяды. Мысалы, Э.Наджи: «В XIV веке на территории Золотой Орды, в Средней Азии, в Египте сложились своеобразные смешанные письменные языки и достигла значительного развития литература на этих смешанных языках» [9, 14] - деп, «аралас тілдің негізінде бұл кездегі ескерткіштерді екі салаға бөліп қарайды; 3 тобына жататын әдеби тілді мұралар мен й тобына жататын әдеби тілді мұралар. Бұл тілдердің екінші тобын қыпша-оғуз тілдері» деп атайды [9, 14].

Бұл кезең Сарай мен Хорезм, Сырдарияның орта тұсы мен төменгі Еділ аймақтарындағы мәдениет орталықтарында және сонау мәмлүктік Египетте өз шығармаларын орта ғасырлық аралас тілде жазған көптеген ғалымдар мен ақын-жазушылардың өмір сүрген кезеңі еді. Бұл кездегі мұралар тек қана дін ілімі немесе дидактикалық мазмұнды шығармалар емес, сонымен бірге көркем әдебиеттер мен заң және соғыс істері жайлы кітаптар түрінде де кездеседі. Египет пен Алтын Орда территориясында араб-парсы тілдерінен аударылған, күрделі шығармалар да пайда болды [10, 13].

Ескі дүние ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдерін, сонау V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің тілімен тірі қыпшақ тілдерін өзара жалғастырып, тарихи жағынан жақындастырып тұратын да осы көне қыпшақ тілі. Ескі түркі тілдерінің жаңа түркі тілдеріне қандай жол, қай бағытпен ауысқанын, олардың қалай өзгеріп, қайтіп дамығаны туралы осы ескерткіштер тілі тиісті дәрежеде куәлік бере алады. Ол «Бұрынғы-соңғы қыпшақ тілдерінің өзіндік қасиеттері қалай қалыптасты?» деген

мәселеге де жауап беру үшін таптырмайтын құрал. Осы күнгі қыпшақ тілдерінің арғы-бергі тарихын тексеру үшін, олардың Орал-Алтай тілдерімен тіркесетін тарихи қатынасын байқау үшін, ең алдымен, осы қыпшақ заманындағы қалпын біліп алған жөн болады. Бұл тілдердің тарихы, демек, қанша алысқа кетсе де, көне қыпшақ тілінен басталып, соған қайта соғады. Сол үшін де қыпшақ ескерткіштерінің тілін оқып үйрену – бүгінгі таңдағы тіл зерттеушілеріне бағышталған басты міндет.

Біреп сөзбен айтқанда, көне заман ескерткіштерін басты-басты үш топқа бөлген жөн (бұлғар тілдерін қоспағанда): 1) қарлұқ тілдерінің (шығыс тілдерінің) ескерткіштері; 2) оғұз тілдерінің (оңтүстік тілдерінің) ескерткіштері; 3) қыпшақ (солтүстік-батыс) тілдерінің ескерткіштері. Соңғы топ ескерткіштерін: а) әдеби тіл ескерткіштері және ә) «сөйлеу тіл ескерткіштер» деп екі түрге бөлуге болады [11, 28-29].

Біздің ойымызша, сол сияқты көне қыпшақ жазба мұраларын тақырыбы мен мазмұнына қарай: 1) әдеби көркем шығармалар («Хусрау уа Шірін», «Мұхаббатнаме», «Гүлистан» және т.б.); 2) лингвистикалық, лексикографиялық жазбалар («Китаб әл-Идрак...», «Китаб ат-Тухфа...»), және 3) хаттар мен іс-қағаздары – деп үш топқа бөлуге болады. Олардың Қазақстанның түркітану ғылымында а) тек қана аты аталып жүргендер және ә) зерттеу нысанына жиі айналып жүргендер деп бөлсек ара салмағы әр түрлі болып келеді.

Мәмлүктер мемлекетінде жазылған еңбектер ғылыми грамматикалық, лексикографиялық сөздіктер сияқты зерттеулер. Ал, одан басқа XIII-XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде жарық көрген мұралардың қатарында біршама поэтикалық шығармалар, діни немесе философиялық трактаттар кездеседі. Олардың кейбірі осы күнге дейін сақталған да, біразы жоғалып кеткен. Сақталып аман қалғандарының өзі Еуропаның ірі қалаларындағы кітапханалар мен Түркия, Мысыр, Шам, Араб мемлекеттерінің мәдени орталықтары мен кітапхана, мұражай, сарайларында сақтаулы. Сондықтан да, бұл жәдігерліктердің жалпы саны қанша екені әлі нақты анықталған емес. Әйтсе де, осы күні ғылыми ортаға танылып

жүргөн жадыхаттардың тілі мен тарихынан әдеби, мәдени ерекшеліктерінен диссертациялар қорғалып, халқымыздың тарихи, рухани мұрасына айналуда.

**Адабияттар:**

1. Көпүрүлзаде Ф. Абу Хаян «Китаб аль-идрак». - Ыстамбул, 1931.
2. Ал-Азхар, его история и развитие. - Издательство Бакуфоов, изд-во «аль-Ша'б». - Каир, 1964. - С. 219.
3. Амин аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. ИВЛ, 1962. - С. 29.
4. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности XI-XIII вв. «Вопросы языкознания». - М., 1967.
5. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. - А., 1982.
6. Наджип А.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. - ч.I. - М., 1979. - С.32.
7. Наджип Э. Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV в. - Туркестан, 2004. - С. 27.
8. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - А., 1971. - 53-б.
9. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века. Автореф. докт. диссер. - М., 1965. - С.14.
10. Ибатов А. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. - А., 1974. - 13-б.
11. Құрышжанов Ә.Қ. Жұбанов А.Қ. Белботаев А.Б. Қуманша-қазақша жиілік сөздік. - А., 1978. - 28-29-бб.

**Рецензент: д.филол.н., профессор Усамбетов Б.Ж.**